

Құралай ЖАНҰЗАҚОВА

МИФОПОЭТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАРДЫҢ РОМАНТИЗМНІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ФУНКЦИЯСЫ

В статье рассматривается художественная функция мифологических парадигм в эстетике романтизма.

Makalede romantizm estetiğindeki efsaneli olguların edebi funkcyonu yer almaktadır.

Романтизм құбылышын зерттеушілер Н.А.Гуляев, А.В.Карельский, В.П.Руднев және В.М.Толмачев романтизмнің өмірлік циклы XIX ғасырдың ортасында аяқталған жоқ, оның шығармашылық импульстары белгілі бір деңгейде XX ғасырда да мәдениеттің дамуын да айқындейді деп есептейді. Романтикалық дәстүрге сүйену, жекелей алғанда, ғасырлар тоғысында, кейіннен постмодернизм дәүірінде қарқын алған «жаңа мифология» жасауда жаһаңасын тапқан мифтік шығармашылықта көрініс берді.

Романтикердің мифке қызыгуышылығы жалшыға мәлім ақиқат болғанымен, бұл дәуірдің өз мифтік шығармашылығы жан-жақты зерттелмеген. Көбінесе орыс және штетел әдебиеттанушылары да, қазақтың зерттеушілері де XX ғасырдағы жазушылардың шығармаларына, ең алдымен модернистердің мифопоэтикасына жіті назар аударады. Осы турасында мифтің романтикалық концепциясын зерттеуші Е.Г.Пропцина: «Мифтік шығармашылық мәселесі, миф пен әдебиеттің байланысы – бүгінгі әдебиеттанудың орталық мәселелерінің бірі, алайда оның барлық аспектілері өлі де толық қарастырылмаған. Көбінесе барлық зерттеушілердің назары XX ғасыр қаламгерлерінің мифопоэтикасына, ең алдымен, модернист жазушылар туындыларындағы мифтік шығармашылыққа көбірек бағытталады, бұл заңдылық та, себебі осы мәтіндерде миф маңызды құрылым тудырушы ұстаным болып табылады. Алайда модернистер көп жағдайда мифті пайымдау мен «қолданудың» романтикалық дәстүрлеріне иек артты. Неміс романтикері бірінші болып, мифті көркем шығармашылықтың ұстанымына айналдырыды. Алайда, бұл фактіге көп көңіл белгілейді» [1, 3], - дейді.

Романтикерді мифтің романтикалық пафосы, эмоционалдық және эстетикалық қуаты, экспрессивтік тіл көркемдігі, т.б. қызықтырды. Романтик – жазушылар тек өткен дәуір, антикалық мифтер арсеналын ғана қолданбай, өз мифологияларын жасай алатынын да дәлелдеді. Романтикер мифтің шығармашылық потенциалын, оның адамзат үшін уақыттан тыс мәнін белгіледі. Осының негізінде романтикердің бүгінгі күні мифті жаңғырту мен қайта жасауына үмтүлісі күштейіп, **жаңа мифология идеясы** туды. Әлемдік әдебиетте бұған Сервантес, Шекспир, Гете шығармашылықтары дәлел бола алады. Бұл тұста романтизмді

анықтаушы белгілердің бірі саналы түрде жинақтаушы символдық бейнелерді жасауға ұмтылыс болыш табылады. Ал, ең бастысы - олар өздерінің миф-образдарын жасауды ойлаған. Неміс романтизмі теоретиктерінің шікірінше, мифологиялық образдар арқылы дәуір дамуындағы негізгі тенденцияларды аныш көрсетуге болады. Сонымен бірге мифтердің бойындағы жалшыадамзаттық мазмұн олардың өміршебдігін жоғалтпайды.

Жаңа мифология жасай білген романтизмнің ірі суреткерлері бірнеше ұрпақтардың санасында өздері жасаған символдық бейнелерімен жатталыш қалды. Байрондағы Каин, Манфред пен Корсар, Ю.Лермонтовтағы Демон мен Мцыри, Г.Мелвиллдегі Моби Дик, В.Гюгодағы Квазимодо, С.Т.Кольридждің Көрі Тенізпісі. Романтикердің бейнелі «гигантоманиясы», яғни «калып тұлғаларды» сомдауға ұмтылысы тарихи үрдіс пен философиялық ойлардың әсерінен туындағы.

Романтизм эстетикасында нақты бүгінгі болымыс мифтендеріліп, оған символдық мән жүктелді. Өз дәуірінің бүгінгі тақырыштарына арналған (Байронның «Чайльд Гарольдтың саяхаты», Г.Гейненің «Германия. Қысқы ертегісі») шығармаларда ғана емес, тарихи романдар да (В.Гюго, А.Гаррет романдары), философиялық-фантастикалық шығармаларда да (Н.Гофманның «Шайтанның эликсирилері», Г.Гейненің «Атта Тролль», т.б.) ерекше стихия болды. Романтикалық әдебиетке бүгінгі өзекті мәселелердің енү формасы сан түрлі болды – авторлық шегіністер, полемикалық айтыстар, аллюзиялар. Романтикалық шығармаларда өз дәуірінің маңызды мәселелері сан алуан мифологиялық, символикалық жинақтаулармен, болмыстың мәнгілік мәселелерімен астасыш, сабактасыш жатты, өткен күндерді бүгінгі күн аясында, ал бүгінгі күндерді өткен дәуір ауқымында көре білу қасиеті романтикалық санаға тән болды.

Миф - көркем шығарманың эстетикалық әсерін, эффектілік қуатын арттыратын тәсіл. Көркем әдебиетте фантастикалық және шының күнделікті фактілердің қосындысы романтикер В.Одоевский, Н.В.Гоголь («Вечера на хуторе близ Диканьки» жинағы) шығармаларында кездеседі. Э.Т.Гофман «Алтын құмыра», «Кіппентай Цахес», «Бромбилла принцесса», «Құм адамы», «Щелунчик» романтикалық үлгідегі туындыларында мифтік шығармашылықты сәтті пайдаланды. Көркем әдебиетте ежелгі түсініктердің көрініс беруі, қазіргі жазушылардың мифологияға түрән салуы қоғамдық сананың алғашқы ойлау формасы болған мифологиялық ойлау жүйесінің әр адамның санасында сақталыш қалатының көрсетеді. Нәтижесінде миф көркем шығарманың құрылымында трансформацияланды.

Мифологияны жан-жақты зерттеген Е.М.Мелетинский романтизм жүйесінде мифтердің қолданылу ерекшеліктері, романтикердің мифологиясы, жаңа мифология тудырушылар тұрасында: «Неміс романтикері мифтен идеалды өнерді көре білді... және алдарына табиғат пен адам рухының, табиғат пен тарихтың терең бірлігін, бірдейлігін арқау

еткен жаңа, көркем мифологияны жасау мақсатын қойды. Неміс романтикерінің жаңа мифологиясы унемі ертегілік сипат (мифті қабылдаудың принципиалды эстетизмнің әсерінен) пен мистицизмнің арасында ауытқып жүрді [2,284] - дейді. Осы мәселеғе қатысты Н.Я.Берковский: «Миф – қандай да бір образдан тыс, табиғат пен тарих білдіретін нәрседен тыс... Мифте құбылыстың астарындағы мейлі ол жасампаз сипатта, мейлі қиратушы сипатта болсын, бізге таныс емес, назарымыздан тыс бүкіл өмірі алдымызға шығады. Мифте көзге көрінбес, айқын емес, болуы мүмкін нәзік тұстар айқын, нақтылы болмыспен араларын ажыратыш жатпай-ақ қатар, тең дәрежеде көрініп жатады, бірақ көбінесе басым тұсken қасиетінің пайдасына шешіледі. Жинақталған жоғары стиљ мифке философиялық қасиет берсе, ненің болған, ненің болмағанын ажыратпау мифті фантастикамен жақыннатады» [3] – деп пайымдайды.

Мифтегі шынайылық қазір тарихи шынайылықпен қатар қойылады. Миф уақыт өте келе тарихи сенім-нанымдардың қараңайым формасы болудан қалды. Миф құндылығының ерекшеле табиғаты бар, ол философиялық танымға да поэтикалық шығармашылыққа да жақын. «Мифте шынайылықты, ақиқатты талап ету сақталады, алайда оны шынайы болмыспен қатар қойыш, сабактастырығанда логикалық және хронологиялық сәйкестіктер өнерге тән заңдылыққа байланысты поэтикалық сәйкестіктермен ауыстырылады. Поэтикалық шығармашылық түрі болуы эстетика мен мифологияның жемісті сәйкестігін ашып көрсетеді, соның нәтижесінде миф ең жоғары дәрежесіндегі адамдық, сонымен қатар көркемдік құндылыққа, маңызға ие болады: оның бойында фантазия өмір сүреді» [4, 267] - дейді.

Әдеби мифтік шығармашылық теориясының негізін жасаған Шеллингтің шікірінше, Данте, Шекспир, Сервантес, Гете сияқты ұлы суреткерлер «мәңгілік мифтер» туғызды: «Әрбір ұлы суреткер өзіне айқара ашылған әлемнің қандайда бір бөлігін тұтастыққа, бір бүтінге айналдырып, оның материалынан өзінің жеке мифологиясын жасай алуды қажет... Мифология -өнердегі бүкіл поэтикалық дүниенің материалы, жоғары формадағы универсум. Мифология ұғымын түсіну үшін бір адам ұлылығының туындысы болған «Дон Кихотты» еске алсақ та болады» [5] - деді.

Романтизм дәүіріндегі әдебиетте осы көзқарастың растығына көзіміз жеткендей жеке-авторлық мифтік шығармашылықтың күшті қарқынмен дамығанын көреміз. Романтикердің дәстүрлі мифологиялық образдарды еркін, тілті ирониялық ойын ретінде қолдану, түрлі елдердің мифологиясы элементтерін, сонымен қатар өз әдебиетінің мифтік фантастикасын бір арнаға біріктіру – романтикердің мифті қолдану ерекшелігін танытты. XX ғасыр әдебиетінде бұрынғы мифтерге үқсас келетін, көп жағдайда солармен төркіндес болған туындылар дүниеге келді (бірақ, олардың ерекшелігі

саналы түрде қиялды, ойдан шығаруды тірек етуінде). Оларды В.Хализев «миф тәріздес» (мифоподобные) деуге болады дейді. Зерттеушінің тұжырымдауынша, қазіргі неомифология ергедегі мифтердің тарихи, дәуірлік, тұракты қасиеттерінен айырылған» [6,138].

Жекелік-авторлық мифология бұрынғы мифтердің өздерінің дәуірлік және ұлттық сан алуандығымен еркін түрде жаңадан көрініс беруінде көрінеді Мұндай неомифология И.Х.Гельдерлин, И.В.Гете, («Фаусттың» екінші бөлігі), Дж.Байрон және романтизм дәуіріндегі қоңтеген орыс жазушыларының шығармашылығында көрініс тапты. Бұл дәстүр XX ғасырда жалғасын тасты. Осы ретте Т.Маннның («Иосиф және оның агалары»), М.Булгаковтың («Мастер мен Маргаритасы»), Р.М.Рилькенің («Орфейге сонеттер») туындыларын атауға болады. Осы қатарда – Д.Л.Андреевтің поэтикалық шығармашылығы мен тікелей мағынасында миф болыш табылатын «Әлем Розасы» трактаты. Аталған авторлардың шығармалары адамзаттың көпгасырлық діни және мифтік шығармашылық тәжірибесінің шығармашылық мұралары болыш табылады.

Миф - романтизм сияқты қазіргі әдебиеттанудағы маңызды теориялық мәселелердің бірі. Қазіргі таңда миф концепциясының сан алуан түрлері бар. Бүгінгі адам мифтен алуан бояудың қоспасын табады: бұл аллегория да, символ, философия, архетип, күрделі әлемнің бейнесі.

XX ғасырда романтизм мен реализмге сәйкес әдебиеттің мифологияға екі түрлі жаңа қатынасы қалыптасты. Бірінші – оргағасырлық «символизмнен» «табиғатқа еліктеуге» біржола көшу үшін дәстүрлі сюжет пен «тошиқадан» саналы түрде бас тарту, шынайы болмысты адекватты өмірлік формаларға сай бейнелеу. Екінші – мифті саналы түрде, неформальды, дәстүрден тыс (оның формаларын емес, оның «рухын») пайдалану, кейде ол дербес поэтикалық мифтік шығармашылық сипатына ие болады» [2,280].

Адамзат ергеден өздерін қоршаған ортандың түп қазығын, тамырын тануға деген талшынысы толастамаған, жаратылыстың тылсым құпиясына ой жіберуге әрдайым дайын болған. Миф – табиғаттан тыс жай және «таңғажайып» құбылыстар мен оқиғалар туралы азыз-әңгімелер. Ол – алғашқы қауымдық қоғам адамдарына тән дүние туралы қиял-гажайыш үғым. Қазақ мифологиясы әлемнің кез келген бұрышындағы адамзаттың небір қиялдары мен арманының жемісі болған азыздарға бай болды.

Мифопоэтикалық форма – қаламгерлік шығармашылықтың жемісі, көркемдік мұддеге қызмет ететін эстетикалық құрал. Көркем шығармадағы мифтер дегеніміз – жазушының асыл арманымен астасқан ертегілер, азыз-әңгімелер. Миф алғашқы танымдық форма деп танылуымен қатар, оның көркемдік тініндегі қиял байлығы мен ой шеберлігі суреткерлердің таң қалдырымай қоймайды. Мифтің көмегімен әдебиеттанушылар әдеби тектер мен әдеби процестің заңдылықтарын түсіндіріп қана қоймай, жеке әдеби шығармалардың ерекшеліктерін тануға ұмтылуда. Мифология қоңтеген

уақыт бойы дәстүрлі көркемдік ойлау жүйесінде дайын көркем форма ретінде қызмет етіп келеді. Адамзат тәжірибесінің «түйіні» болып табылатын ондағы мазмұн байлығы, мифтің универсал қасиеті, синкреттілігі әр түрлі бағытта қалам сілтеген қаламгерлерді ғасырлар бойы қызықтырып келеді.

Көркем туындылардағы мифтік сюжеттер ежелгі мәдениеттің философиялық концепцияларын синтездеуге мүмкіндік береді. Аңыз - өмір материалы, шикізат. Сондықтан оны да жинақтаудан, сұрыштаудан өткізіп барып, айтар идеяға сай үткімді пайдалана білу қажет. Халық қазынасында жалпы адамзаттық идеялар мен адамгершілік мәселелер бой көрсетіп, бүгінгі заманың ділгір мәселелерімен үйлескендіктен, жазушылар да осынау сарқылмас бастауларға бет қойды.

Көркем әдебиеттің даму тәжірибесінде мифтік сюжеттерді, аңыз-әңгімелерді әдеби шығармада қажетіне қарай пайдалану ежелден бар үрдіс. Шығыстың, қазақтың поэтикалық ойлау жүйесінде сөз зергерлерінің мифологиялық бастаулардан тірек іздеуі жи байқалады. Аңыздардың жалшыадамзаттық мазмұны мен терең философиялық астарын алған ашқандардың бірі - Абай. Оның «Ескендір», «Масғұт» атты романтикалық поэмаларында алғаш рет мифологеманы батыл қолданады. Әрине, мифологизмнің терең бастауы ауыз әдебиетінің, халық поэзиясының терең қойнауларында жатыр.

ХХ ғасыр әдебиетінің өзіне тән ерекшелігі мифтік шығармашылықтың қарқын алып, өрістеуі болды, бұл ғалымдарға көркем сөз өнерінде *неомифология* феноменін (Е.М.Мелетинский, З.Г.Минц, Ю.М.Лотман) көруге мүмкіндік берді. Мифке деген зор ықыластың себептері ретінде: базалық онтологиялық және эпистемологиялық түсініктердің өзгере бастауы (В.Мелетинский), қогамдық сананы идеологияландырудың күшінен (Р.Барт), тұрақты жалпы универсалийлерге назар аудару арқылы дағдарысты өтпелі дәүірлерді пайымдауға, зерделеуге тырысу, тұрақты образдардан, дәстүрден тірек іздеу (А.Е.Нямцү) сияқты факторларды ғалымдар да атап өтеді. Отken жүзжылдықта болған өлемдегі зор құбылыстар, зор оқиғалар адамзат мәдениетінің универсалды шарадигмаларына деген қызығушылықтың алғышарғтарын, өнердің дамуының имманентті заңдылықтарына сәйкес мифтік шығармашылық процестерінің қарқынды дамуын, өзіне дейінгі отken дәүірлердің көркемдік және дүниетанымдық тәжірибелерінің жүйелі түрде өзекті сипатқа ие болуын, стильдер динамикасын қалыптастырыды.

Қазақ прозасында парадигматикалық ассоциаитілік пен мифопоэтикалық ойлау жүйесінің алғашқы формалары, сюжетті фольклорлық мотивтермен көмкеру М.Әуезов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов шығармаларында көрінді. Аңыздар мен мифтерді көркем туындыда әдеби тәсіл ретінде қолдану 1970-80 жылдарынан бастап қарқын алды. Осы кезеңде мифология өз дәүірінің тақырыбын идеялық-образдық тұргыдан шешу құралы регінде батыл қолданады. Ғылыми-техникалық даму мифтік шығармашылыққа жаңа тақырыштар берді. Осы тұстағы қазақ

жазушыларының тарихи романдармен қатар, бүгінгі күн тынысын бейнелейтін символдық астарлы мәндегі әңгіме, повестерде, хикаяттарда, күй ақыздарында, т.б. прозалық туындылар түрлерінде азыз жаңаша қолданыс тапты. Олардың қатарына қазақ әдебиетінде Ә.Кекілбаев, Ә.Әлімжанов, С.Санбаев, Д.Досжанов, О.Бекеев, Кеңестік әдебиетте - В.Быков, В.Астафьев, Р.Гамзатов, Ш.Айтматов, О.Чиладзе, Г.Мотевосян, А.Ким, В.Белов, т.б қаламгерлерді жатқызуға болады.

Мифологиям - бұл суреткерлердің стилі мен образды ойлау жүйесінің ең бір тартымды сипаттарының бірі. Олар ақыздық прозаның айтықты үлгілерін жаңа мазмұндық формада қолданғанын көреміз. Жазушылар өзінің өмірлік ұстанымына, адамгершілік өлшемдері мен көзқарастарына мифологиялық бастаулардан бағдар іздеді. Мифтік шығармашылық көркем шығарманың стильтік ерекшелігін, құрылымдық мәнін, идеалық, эстетикалық әсерін ұтымды бейнелеуге ықпал етеді.

Қазақ әдебиетінде мифті тудырушы жазушылардың алдыңғы қатарындағы Ә.Кекілбаевтің («Дала балладалары», «Ақыздың ақыры»), С.Санбаевтың («Ақызды аңсағанда», «Көп-ажал», «Мәңгілік құрес»), О.Бекеевтің («Қар қызы», «Мұзтау»), т.б. шығармалары ерекше «ойындық» стилімен, жаңрлық шекараларының бұлдырылғымен, бұрынғы эстетикалық және идеологиялық қалыптың шеңберінен шыға білу қасиетімен ерекшеленді. Мифологиямге жақын жазушылардың көбіне ортақ қасиеттер: өткен дәуірлерге де, болашаққа да қатысты ауқымды философиялық жинақтауларға бейімділік; халық ауыз әдебиетінің поэтикасымен, эстетикасымен ішкі үндестік; көтерінкі-эмоционалдық леп, романтикалық стильге жақындық. Көркем туындылардағы мифтік сюжеттер жазушыларға ежелгі мәдениеттің философиялық концепцияларын синтездеуге мүмкіндік береді.

Егер қазақ жазушылары бір жағынан, өздерінің жаңа мифтерін жасай білсе, екінші жағынан, олар ескі ақыздарды міндетті түрде қайта жаңартып, түрлендіріш, өзгерту. Кейде миф шығармага тұтастай арқау болады. Қазіргі қазақ әдебиетіне ерекше болмыс-бітімді шығармалар әкелген, ақызды шығармаларында өнімді пайдаланып, өзінің көркемдік шептімін әлемге танытқан жазушылардың көш басына Ә.Кекілбаевты атауға болады. Ә.Кекілбаевтың «Ақыздың ақыры» романы тұтасымен бүгінгі заман ыңғайына қарай бейімделген ұлттық мифке құрылыш, өткінші емес, мәңгілік құндылықтарға арқа тірдейді. Ол ақыздық желілерді өз шығармаларында сәтімен, ұтымды да тұжырымды пайдаланады.

Қазақ прозасындағы мифтің қолданылу ерекшелігі тұрасында зерттеуші А.Ісімақова: «...Миф поэтикасы бүгінгі күнді терен уақыттық межемен байытады, әрекет етуші мәдени метафоралар мен ассоциациялар қорын кеңейтеді. Нәтижесінде бір кездері мағыналық мән алған поэтикалық формулалардың (архетиптердің) «жандану» процесі жүреді [7, 382] - дейді.

Қ.Жанұзақова. Мифопоэтикалық парадигмалардың...

Қазіргі қазақ романындағы мифологема метафора ретінде, қазіргі болмысты жалшы адамзаттық адамгершілік тәжірибесі контекстіне енгізуіндің қандай да бір көркемдік тәсілін айқындау ретінде көрінеді. Миғтік сюжеттер шығармада бүтінгі күннің күрделі де қарама-қайшылығы мол адамгершілік, рухани жағдайымен үндес келеді. Оз дәуіріндегі қоғамда бел алған рухани бастауға қарсы, адамзат жат құбылыстарды әшкерелеуде миғтің көркемдік қызметі ерекше.

Миф бүтінгі өркениеттің даму сатысында қайталанбас жаңа мазмұнға ие. Ол жаңа қасиеттермен толыға түсті. Ең алдымен, мифологизм өсінеттілдіктен, дидактизмнен, ақыл айтушылықтан арылды. Миғологиялық аллегорияның мағынасы шығарма мәтінінің астарына, ішкі терең өзегіне ауысты. Оның жинақтаушылық ауқымы, символикалық мәні тереңдей түсті. Ол көркем шығармаға көркем кестелі тіл, эстетикалық, идеялық мазмұн, терең эмоционалдық-экспрессивтік мән-мағына дарытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Прошина Е.Г. Романтическая концепция мифа и ее отражение в малой прозе Ф.Фуке. - Нижний Новгород, 2004.
2. Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. -М.: Наука, 1976.
3. Берковский Н.Я. Романтизм в Германии. -Л.: Худож. лит., 1973.
4. Вейман Р. История литературы и мифология. Очерки по методологии и истории литературы. -М.: Прогресс, 1975.
5. Шеллинг В.Ф. Философия искусства. СПб. -М., 1996.
6. Хализев В. Теория литературы. -М.: Высшая школа, 2002.
7. Исмакова А. Казахская художественная проза. – Алматы: Фылым, 1998.

RESUME ZHANUZAKOVA K. (Almaty)

ART AESTHETIC FUNCTION OF ROMANTICISM MYTH POETICAL PARADIGM

The article deals with artistic function myth poetical paradigms in the aesthetics of Romanticism.